

ДОГОВОР на транспортно-экспедиторские услуги	Көлік-экспедициялау қызметтерін көрсету туралы
АО «_____», именуемое в дальнейшем «Экспедитор», в лице Исполнительного директора по продажам и логистике _____, действующего на основании доверенности от _____ года № _____, с одной стороны, и ТОО «_____», именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице Генерального директора _____, действующего на основании Устава, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», заключили настоящий Договор о нижеследующем.	«_____» ЖШС, бұдан әрі «Экспедитор» деп аталады, _____ № _____ Сенімхаттың негізінде әрекет ететін Сатылымдар және логистика жөніндегі Атқарушы директор _____ арқылы, бір тараптан, және «_____» ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыскер» деп аталады, Жарғының негізінде әрекет ететін директор _____ арқылы, екінші тараптан, бірге «Тараптар» деп аталады, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:
1. Предмет договора	1. Шарттың мәні
1.1. По настоящему Договору Экспедитор обязуется за вознаграждение и за счет Заказчика выполнить и/или организовать выполнение указанных в Заказе Заказчика (далее - Заказ) транспортно-экспедиционных услуг (далее - Услуги), связанных с перевозкой грузов железнодорожным, водным и автомобильным транспортом, а также выполнить иные транспортно-экспедиционные услуги по организации перемещения внутренних, импортных, экспортных и транзитных грузов. Перечень транспортно-экспедиционных услуг, которые могут оказываться Экспедитором, определяются Экспедитором и указаны в приложении №1.	1.1. Осы Шарт бойынша Экспедитор Тапсырыскердің Тапсырысында (бұдан әрі – Тапсырыс) көрсетілген, жүктерді теміржол, су және автомобиль көлігімен тасымалдаумен байланысты көлік-экспедициялау қызметтерін (бұдан әрі – Қызметтер) сыйақы үшін және Тапсырыскердің есебінен орындауды және/немесе ұйымдастыруды, сондай-ақ ішкі, импорттық, экспорттық және транзиттік жүктердің орнын ауыстыруды ұйымдастыру бойынша өзге де көлік-экспедициялау қызметтерін атқаруды міндетіне алады. Экспедитор ұсына алатын көлік-экспедициялау қызметтерінің тізбесін Экспедитор айқындайды және олар №1 Қосымшада көрсетілген.
1.2. Перечень и объем услуг Экспедитора, необходимых Заказчику, определяются Заказчиком в Заказе, Форма Заказа приведена в Приложении № 2 к настоящему Договору.	1.2. Тапсырыскерге қажетті Экспедитордың қызметтерінің тізілімі мен көлемін Тапсырыскер Тапсырыста айқындайды, Тапсырыстың Пішімі осы Шартқа № 2 Қосымшада келтірілген.
2. Общие положения	2. Жалпы ережелер
2.1. Экспедитор при оказании Услуг руководствуется Соглашением о международном грузовом сообщении (далее - СМГС), Тарифным руководством «Ставки за пользование локомотивной тягой при перевозке грузов железнодорожным транспортом Республики Казахстан», «Ставки за пользование грузовыми вагонами и контейнерами при перевозке грузов железнодорожным транспортом», «Тарифы на услуги магистральной железнодорожной сети при перевозке грузов железнодорожным транспортом Республики Казахстан», Законом Республики Казахстан от 8 декабря 2001	2.1. Экспедитор Қызметтерді көрсету кезінде Халықаралық жүк қатынасы туралы келісімді (бұдан әрі – ХЖҚК), «Қазақстан Республикасының теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде локомотив күшін пайдалану үшін мөлшерлемелер» тарифтік нұсқаулығын, «Жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау кезінде жүк вагондары мен контейнерлерді пайдалану үшін мөлшерлемелерді», «Қазақстан Республикасының теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде магистралдық теміржол торабының қызметтеріне тарифтерді», Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8

<p>года № 266 «О железнодорожном транспорте», Правилами перевозок грузов, утвержденными приказом министра транспорта и коммуникаций Республики Казахстан от 23 ноября 2004 года № 429-І Тарифной политикой железных дорог государств-участников СНГ на перевозки грузов в международном сообщении (далее - ТП СНГ), Тарифной политики железных дорог Республики Казахстан на перевозки грузов в международном сообщении (далее - ТП КЗХ), Международным железнодорожным транзитным тарифом (далее - МТТ) и другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан.</p>	<p>желтоқсандағы № 266 «Қазақстан Республикасындағы теміржол көлігі туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы № 429-І бұйрығымен бекітілген Жүктерді тасымалдау ережелерін, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің темір жолдарының халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдауға тарифтік саясатын (бұдан әрі – ТМД ТС), Қазақстан Республикасының темір жолының халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдауға тарифтік саясатын (бұдан әрі – ҚЗҚ ТС), Халықаралық теміржол транзиттік тарифін (бұдан әрі – ХТТ) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.</p>
<p>2.2. Заказчик направляет Экспедитору письменный Заказ согласно приложению №2, №6, и №7 содержащий перечень требуемых услуг и данные необходимые Экспедитору для оказания Услуг. Экспедитор производит расчет стоимости Услуг и выставляет счет на оплату.</p>	<p>2.2. Тапсырыскер Экспедиторға № 2, № 6 және № 7 Қосымша бойынша талап етілетін қызметтердің тізбесін және Экспедитордың Қызметтер көрсетуі үшін қажетті деректерді қамтитын жазбаша Тапсырысты жолдайды. Экспедитор Қызметтердің құнын есептейді және төлеуге шотты ұсынады.</p>
<p>2.3. Условия настоящего Договора являются конфиденциальными для любой третьей стороны и не подлежат разглашению Сторонами без письменного согласия другой Стороны, кроме случаев, прямо предусмотренных законодательством Республики Казахстан.</p>	<p>2.3. Осы Шарттың талаптары кез келген үшінші тарап үшін құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа Тараптың жазбаша келісімінсіз Тараптардың жария етуіне жатпайды.</p>
<p>3. Права и обязанности Сторон</p>	<p>3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері</p>
<p>3.1. В целях оперативного и качественного выполнения обязательств по настоящему Договору Стороны письменно в течение 3 (трех) рабочих дней извещают друг друга об уполномоченных представителях Сторон, действующих на основании доверенности (далее - уполномоченный представитель Экспедитора/Заказчика)</p>	<p>3.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін жедел әрі сапалы орындау мақсатында Тараптар 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде бір біріне сенімхаттың негізінде әрекет ететін Тараптардың уәкілетті өкілдері (бұдан әрі – Экспедитордың/Тапсырыскердің өкілетті өкілі) туралы жазбаша түрде хабарлайды.</p>
<p>3.2. Экспедитор обязан:</p>	<p>3.2. Экспедитордың міндеттері:</p>
<p>3.2.1. по Заказу Заказчика сообщать стоимость Услуг;</p>	<p>3.2.1. Тапсырыскердің Тапсырысы бойынша Қызметтердің құнын хабарлау;</p>
<p>3.2.2. оказать Услуги по перегрузу грузов с момента подачи вагона на перегрузочные местах Экспедитора на станции Достык, при исполнении Заказчиком условий указанных в пункте 4.4. настоящего Договора. Экспедитор на основании данных железнодорожных накладных и</p>	<p>3.2.2. Тапсырыскер осы Шарттың 4.4-тармағында көрсетілген талаптарды орындағанда Достық станциясындағы Экспедитордың қайта тиеу орындарында вагон берілген сәттен бастап жүктерді қайта тиеу бойынша Қызметтер көрсету. Экспедитор осы</p>

<p>СМГС оформляет наряды выполненных работ по перегрузу грузов (далее - формы НП), подписывает их и составляет для Заказчика расчетные ведомости в соответствии с приложением 3 к Договору за перегруз, по формам 1а, 1б, 1в, согласно ставкам ТП КЗХ, подтверждающим факт оказания Услуги по перегрузу грузов;</p>	<p>теміржол жүкқұжаттарының және ХЖКК негізінде жүктерді қайта тиеу бойынша атқарылған жұмыстардың нарядтарын (бұдан әрі – ҚН) ресімдейді, оларға қол қояды және осы Шартқа № 3 Қосымшаға сәйкес қайта тиелген жүк үшін, Жүктерді қайта тиеу бойынша қызметтің көрсетілу жайтын растайтын ҚЗҚ ТС мөлшерлемелеріне сай 1а, 1б, 1в пішімдері бойынша Тапсырыскерге есептеу ведомостарын жасайды;</p>
<p>3.2.3. обеспечить круглосуточную работу перегрузочных мест Экспедитора на станции Достык.</p>	<p>3.2.3. Достық станциясындағы Экспедитордың қайта тиеу орындарының тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ету;</p>
<p>3.2.4. по Заказу Заказчика оказать Услуги в 3-х суточный срок после фактического поступления вагона/контейнера на территорию грузового двора Экспедитора за исключением станции Достык;</p>	<p>3.2.4. вагон/контейнер Достық станциясынан басқа Экспедитордың жүк ауласының аумағына іс жүзінде келгеннен кейін Тапсырыскердің Тапсырысы бойынша 3 күн мерзімінде Қызметтерді көрсету;</p>
<p>3.2.5. по Заказу Заказчика сообщить уполномоченному представителю Заказчика о завершении выполнения Услуг и предоставить Заказчику копии документов оформляемых Экспедитором в связи с выполнением Услуг.</p>	<p>3.2.5. Тапсырыскердің Тапсырысы бойынша Тапсырыскердің уәкілетті өкіліне Қызметтерді көрсетудің аяқталғаны туралы хабарлау және Экспедитор Қызметтерді атқарумен байланысты ресімдейтін құжаттардың көшірмелерін Тапсырыскерге ұсыну.</p>
<p>3.2.6. после получения подтверждения оплаты направить:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Заказчику письменную Инструкцию о порядке заполнения железнодорожных накладных (далее - Инструкция Экспедитора) в части оплаты провозных платежей (экспедиторские коды); 2) на соответствующие станции отправления и назначения (пограничные станции) телеграммы-подтверждения об оплате указанных перевозок; 	<p>3.2.6. Төлемнің жасалғаны туралы растау алынғаннан кейін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Тапсырыскерге тасымалдау төлемдерін төлеу жағынан Теміржол жүкқұжаттарын толтыру тәртібі туралы жазбаша нұсқаулықты (бұдан әрі Экспедитордың Нұсқаулығы); 2) тиісті жөнелтілетін және баратын станцияларға (шекаралық станциялар) аталған тасымалдардың төленгені туралы телеграмма-растауларды жолдау.
<p>3.3. Заказчик обязан:</p>	<p>3.3. Тапсырыскердің міндеттері:</p>
<p>3.3.1. предоставить Экспедитору заполненный и подписанный Заказ, определяющий перечень и условия оказания Экспедитором Услуг. Заказ должен содержать достоверные и полные данные об условиях отправки, перевозки и переработки груза, характере груза, его маркировке, весе, объеме, количестве грузовых мест, датах (периодах) переработки груза, иную информацию, необходимую для исполнения Экспедитором своих обязанностей по Договору. Заказ предоставляется в сроки, достаточные для его рассмотрения Экспедитором, но не менее следующих сроков до планируемой даты оказания Услуг:</p>	<p>3.3.1. Экспедиторға толтырылған және қол қойылған, Экспедитордың қызметтерін және қызмет көрсету жағдайларын айқындайтын Тапсырысты беру. Тапсырыста жүкті жөнелтудің, тасымалдаудың және қайта өңдеудің жағдайлары, жүктің сипаты, оның таңбалануы, салмағы, көлемі, жүк орындарының саны, жүкті өңдеудің күндері (кезеңдері) туралы толық деректер, Экспедитордың Шарт бойынша өзінің міндеттерін орындауы үшін қажетті өзге де ақпарат қамтылуға тиіс. Тапсырыс оны Экспедитордың қарастыруы үшін жеткілікті, бірақ Қызметтер көрсетудің жоспарлы күніне дейінгі мерзімдерден аз болмайтын</p>

<ul style="list-style-type: none"> - 3 рабочих дня - для организации перевозок грузов внутри республики Казахстан; - 7 рабочих дней - для организации перевозок грузов в смешанном железнодорожно-водном сообщении; 	<p>мерзімде беріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 3 жұмыс күні – Қазақстан Республикасы аумағында жүк тасымалын ұйымдастыру үшін; - 7 жұмыс күні – аралас теміржол-су қатынасында жүк тасымалын ұйымдастыру үшін;
<p>3.3.2. своевременно представить Экспедитору документы и другую информацию о свойствах груза, условиях его перевозки, а также иную информацию, необходимую для выполнения им своих обязанностей по Договору;</p>	<p>3.3.2. Экспедиторға жүктің қасиеттері, оны тасымалдау талаптары туралы құжаттарды және басқа ақпаратты, сондай-ақ оның Шарт бойынша өз міндеттерін орындауы үшін қажетті өзге де ақпаратты уақтылы беру;</p>
<p>3.3.3. вывезти контейнер с территории грузового двора, в противном случае Заказчик возмещает сбор за хранение контейнера;</p>	<p>3.3.3. контейнерді жүк ауласы аумағынан шығару, басқаша жағдайда Тапсырыскер контейнерді сақтағаны үшін алымды өтейді;</p>
<p>3.3.4. возмещать затраты Экспедитора за пользование подвижным составом, проведение маневровых работ;</p>	<p>3.3.4. қозғалмалы құрамды пайдаланғаны, маневр жұмыстарын жүргізгені үшін Экспедитордың шығыстарын өтеу;</p>
<p>3.3.5. оплатить расходы за хранение груза (имущества), связанные с его удержанием, в случае не своевременной уплаты Экспедитору стоимости выполненных услуг;</p>	<p>3.3.5. Экспедиторға атқарылған қызметтердің құны уақтылы төленбеген жағдайда, жүкті (мүлікті) ұстап қалумен байланысты, оны сақтағаны үшін шығыстарды төлеу;</p>
<p>3.3.6. при перевозке грузов, не предусмотренных Техническими условиями погрузки и крепления грузов:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) «за 15 (пятнадцать) календарных дней до начала осуществления перевозки направляет Экспедитору письменный Заказ согласно приложению №6, содержащий перечень требуемых услуг для разработки схем размещения и крепления грузов и согласования с АО «Национальная компания «К,азақстан тем ір жолы»»; 2) оплачивать расходы по фактически понесенным затратам при перегрузе и креплении негабаритных грузов; 	<p>3.3.6. Жүктерді тиеудің және бекітудің Техникалық талаптарымен көзделмеген жүктер тасымалданатын жағдайда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тасымалдаудың жүзеге асыру басталардан 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын Экспедиторға № 6 Қосымшаға сәйкес жазбаша Тапсырысты жолдайды, онда жүктерді орналастыру және бекіту сұлбаларын әзірлеу және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-мен келістіру үшін талап етілетін тізбе қамтылады; 2) габаритті емес жүктерді қайта тиеу және бекіту кезінде іс жүзінде көтерген шығыстарын төлеу;
<p>3.3.7. при предъявлении Акционерным обществом «Национальная компания «Казахстан темір жолы» дополнительных требований к условиям приема вагона к перевозке, не предусмотренных ТП КЗХ, после письменного уведомления Экспедитором Заказчика о получении соответствующего уведомления от Акционерного общества «Национальная компания «К,азақстан тем ір жолы», возместить Экспедитору понесенные затраты за оказанные услуги с момента введения указанных требований, без</p>	<p>3.3.7. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы вагонды тасымалдауға қабылдау талаптарына ҚЗҚ ТС-да көзделмеген қосымша талаптарды қойған жағдайда, Экспедитор «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамынан тиісті құлақтандыру алғаны туралы Тапсырыскерге жазбаша түрде хабарлағаннан кейін, аталған талаптар енгізілген сәттен бастап көрсеткен қызметтері үшін, Тапсырыскермен қосымша келісім жасамастан, Экспедиторға оның көтерген шығыстарын өтеу;</p>

оформления дополнительного соглашения с Заказчиком;	
3.4. Экспедитор вправе:	3.4. Экспедитордың құқықтары:
3.4.1. своевременно получать от Заказчика оплату за Услуги в порядке и на условиях, установленных Договором;	3.4.1. Шартта белгіленген тәртіпте және жағдайлармен Тапсырыскерден Қызметтер үшін уақтылы төлем алу;
3.4.2. отказать Заказчику в оказании Услуг в случае отсутствия оплаты, предусмотренной условиями Договора или неполных данных для расчета стоимости Услуги, а также ограничить объем Услуг либо отказать в предоставлении какого либо вида требуемых Услуг, в связи с невозможностью их оказания;	3.4.2. Шарттың талаптарымен көзделген төлем жасалмаған немесе Қызметтің құнын есептеу үшін деректер толық болмаған жағдайда, Тапсырыскерге Қызметтер көрсетуден бас тарту, сондай-ақ қызметтер көрсетудің мүмкін болмауына байланысты Қызметтердің көлемін шектеу немесе талап етілетін Қызметтердің қандай да бір түрін ұсынудан бас тарту;
3.4.3. в случае необходимости, привлекать к исполнению своих обязанностей третьих лиц- Выбор третьих лиц не оспаривается Заказчиком. Возложение исполнения обязательства, а третье лицо не освобождает Экспедитора от ответственности перед Заказчиком за выполнение условий Договора.	3.4.3. қажет болған жағдайда өзінің міндеттерін орындауға үшінші тұлғаларды тарту. Үшінші тұлғалардың таңдалуына Тапсырыскер дау келтірмейді. Міндеттемені орындаудың үшінші тұлғаға жүктелуі Экспедиторды Шарттың талаптарын орындау үшін Тапсырыскердің алдындағы жауапкершіліктен босатпайды.
3.5. Заказчик вправе:	3.5. Тапсырыскердің құқықтары:
3.5.1. требовать от Экспедитора предоставления Услуг надлежащего качества в порядке и на условиях, установленных Договором;	3.5.1. Экспедитордан Шартпен белгіленген тәртіпте және жағдайлармен тиісті сапа деңгейінде Қызметтер көрсетуін талап ету;
3.5.2. получать от Экспедитора информацию об изменениях действующих или вновь вводимых нормативных правовых актов, а также требований перевозчика по вопросам организации перевозок грузов.	3.5.2. Экспедитордан қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердегі өзгертулер немесе жаңадан енгізілетіндері, сондай-ақ жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру мәселелері бойынша тасымалдаушының талаптары туралы ақпарат алу.
4. Расчеты за транспортно-экспедиторские услуги	4. Көлік-экспедициялау қызметтері үшін есеп айырысу
4.1. Экспедитор выставляет Заказчику счет на предоплату в течение 2 (двух) рабочих дней со дня получения Заказа на оказание Услуг.	4.1. Экспедитор Тапсырыскерге Қызметтер көрсетуге Тапсырыс алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде алдын ала төлемге шотты ұсынады.
4.2. Заказчик производит 100 % (сто процентную) предоплату за заявленный перечень Услуг, согласно счету на предоплату.	4.2. Тапсырыскер алдын ала төлемге ұсынылған шот бойынша мәлімделген Қызметтер үшін 100% мөлшерінде алдын ала төлем жасайды.
4.3. Оказание Услуг осуществляется только после оплаты Заказчиком стоимости Услуг. Моментом оплаты считается дата зачисления денег на расчетный счет Экспедитора. Оказание Услуг возможно и при наличии положительного сальдо денег Заказчика на расчетном счете Экспедитора.	4.3. Қызметтер көрсету Тапсырыскер Қызметтердің құнын төлегеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Төлеу сәті болып ақша Экспедитордың есеп айырысу шотына есепке жатқызылған күн саналады. Қызметтер Экспедитордың есеп айырысу шотында Тапсырыскердің ақшасының оң сальдосы болған жағдайда

	да көрсетілуі мүмкін.
<p>4.4. В случае оказания Заказчику Услуг по перегрузу грузов на перегрузочных местах Экспедитора на ст. Достык либо Услуг на территории грузовых дворов Экспедитора то оплата производится следующим образом:</p> <p>«Заказчик производит оплату за Услуги на расчетный счет Экспедитора предварительно и только деньгами в срок до 1 (первого) числа текущего месяца в размере _____ (_____) тенге. При этом, при недостаточности указанной суммы. Заказчик в срок до 1 числа месяца следующего за отчетным производит доплату до установленного размера.»</p> <p>В случае увеличения (уменьшения) объемов Услуг Стороны вправе один раз в шесть месяцев произвести перерасчет предоплаты с подписанием дополнительного соглашения».</p>	<p>4.4. Тапсырыскерге Экспедитордың Достык станциясындағы қайта тиеу орындарында жүктерді қайта тиеу бойынша Қызметтер немесе Экспедитордың жүк аулалары аумағында Қызметтер көрсетілетін жағдайда, төлем төмендегідей жүзеге асырылады:</p> <p>«Тапсырыскер Қызметтер үшін төлемді Экспедитордың есеп айырысу шотына алдын ала және тек қана ақшамен ағымдық айдың 1 (бірінші) күніне дейінгі мерзімде _____ (_____) тенге мөлшерінде жүзеге асырады. Бұл орайда аталған сома жеткіліксіз болған жағдайда, Тапсырыскер есептік айдан кейінгі келесі айдың 1 (бірінші) күніне дейінгі мерзімде белгіленген мөлшерге дейін қосымша төлем жасайды».</p> <p>Қызметтердің көлемі ұлғаятын (азаятын) жағдайда, Тараптар алты айда бір рет алдын ала төлемді қайта есептеп, қосымша келісімге қол қоюға құқылы».</p>
<p>4.5. Заказчик оплачивает расходы Экспедитора связанные с разработкой схем размещения и крепления груза, по калькуляции, составленной Экспедитором, на основании аж погрузки, предоставленных Заказчиком, согласно пп.1) п. 3.3.6. раздела 3 настоящего Договора.</p>	<p>4.5. Тапсырыскер осы Шарттың 3-бөлімінің 3.3.6-тармағы 1) тармақшасы бойынша, Тапсырыскер ұсынған тиеу сұлбаларының негізінде, Экспедитор жасаған калькуляция бойынша жүкті орналастыру және бекіту сұлбаларын әзірлеумен байланысты Экспедитордың шығыстарын төлейді.</p>
5. Ответственность Сторон	5. Тараптардың жауапкершілігі
<p>5.1. За неисполнение или ненадлежащее исполнение взятых на себя обязательств по настоящему Договору Стороны несут ответственность в соответствии с условиями настоящего Договора, а в случаях, не предусмотренных настоящим Договором, в соответствии с законодательством Республики Казахстан</p>	<p>5.1. Осы Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиіссіз түрде орындағаны үшін Тараптар осы Шарттың талаптарына сәйкес, ал осы Шартпен көзделмеген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнаамсына сәйкес жауапкершілік көтереді.</p>
<p>5.2. В случае ненадлежащего исполнения или неисполнения Заказчиком своих обязательств по Договору Экспедитор вправе приостановить оказание Услуг до полного и надлежащего исполнения Заказчиком своих обязательств по Договору, о чём должен письменно уведомить Заказчика за сутки до приостановления Услуг. Оказание Услуг будет возобновлено Экспедитором после оплаты Заказчиком всех понесенных Экспедитором расходов, связанных с приостановкой перевозки.</p>	<p>5.2. Тапсырыскер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиіссіз орындаған немесе орындамаған жағдайда, Экспедитор Тапсырыскер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін толық және тиісті түрде орындағанға дейін Қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға құқылы, бұл туралы ол Тапсырыскерге Қызметтер көрсетуді тоқтата тұрғанға дейін бір тәулік бұрын жазбаша түрде хабарлауға тиіс. Тапсырыскер Экспедитордың тасымалды тоқтата тұрумен байланысты көтерген барлық шығыстарын төлегеннен кейін Экспедитор Қызметтер көрсетуді жаңадан бастайды.</p>

<p>5.3. Экспедитор не несёт ответственности за качество и соответствие стандартам, указанным в паспорте и (или) сертификате соответствия, отгружаемого Груза.</p>	<p>5.3. Экспедитор тиелетін Жүктің сапасы және оның паспортында және (немесе) сәйкестік сертификатында көрсетілген стандарттарға сәйкестігі үшін жауапкершілік көтермейді.</p>
<p>5.4. Экспедитор несет ответственность за сохранность Груза в пути следования только в случае страхования Груза Заказчиком через Экспедитора.</p>	<p>5.4. Экспедитор тек Тапсырыскер Жүкті Экспедитор арқылы сақтандырған жағдайда ғана Жүктің жол жүру кезінде сақталуы үшін жауапкершілік көтереді.</p>
<p>5.5. Заказчик несёт ответственность за соблюдение правил и требований, предъявляемых перевозчиком к перевозке Груза, и иных уполномоченных органов в соответствии с законодательством Республики Казахстан и международных соглашений в области железнодорожного транспорта:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) за правильность указания сведений и заявлений в накладной СМГС, а также за правильность заполнения, согласно Инструкции Экспедитора; 2) за приложение к железнодорожной накладной сопроводительных документов, необходимых для выполнения таможенных и других правил на всем пути следования в соответствии с СМГС; 3) за наличие разрешающих документов в таможенных органах на перемещение груза; 	<p>5.5. Тапсырыскер тасымалдаушының және өзге де уәкілетті органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасына және теміржол көлігі саласындағы халықаралық келісімдерге сәйкес Жүк тасымалына қоятын ережелер мен талаптардың сақталуы үшін жауапкершілік көтереді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Экспедитордың Нұсқаулығына сәйкес ХЖҚК жүкқұжатында мәліметтердің мен мәлімдемелердің дұрыс көрсетілуі үшін, сондай-ақ дұрыс толтырылуы үшін; 2) ХЖҚК-ға сәйкес жол жүру кезінде теміржол жүкқұжатына кедендік және басқа да ережелерді орындау үшін қажетті ілеспе құжаттардың қоса тіркелуі үшін; 3) жүктің орнын ауыстыруға кедендік органдардың рұқсат құжаттарының болуы үшін.
<p>6. Обстоятельства непреодолимой силы</p>	<p>6. Дүлей күш мән-жайлары</p>
<p>6.1. Стороны освобождаются от ответственности за невыполнение или задержку в выполнении любого предусмотренного настоящим Договором обязательства в случае наступления обстоятельств непреодолимой силы, а именно: стихийных бедствий, военных действий любого характера, блокад, гражданских беспорядков.</p>	<p>6.1. Дүлей күш мән-жайлары, атап айтқанда: табиғи апаттар, кез келген сипаттағы әскери іс-қимыл, қоршау, азаматтық тәртіпсіздік туындаған жағдайда, Тараптар осы Шартта көзделген кез келген міндеттемені орындамағаны немесе орындауды кешіктіргені үшін жауапкершіліктен босатылады.</p>
<p>6.2. Сторона, для которой создалась невозможность исполнения своих обязательств, должна в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня возникновения форс-мажорных обстоятельств известить другую Сторону о дате наступления и предположительной дате прекращения этих обстоятельств.</p>	<p>6.2. Өзінің міндеттемелерін орындау ол үшін мүмкін болмай қалған Тарап форс-мажор мән-жайлары туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде басқа Тарапқа бұл мән-жайлардың басталғаны және олардың тоқтайтын болжамды күні туралы хабарлауға тиіс.</p>
<p>6.3. Надлежащим доказательством наличия обстоятельств непреодолимой силы и его продолжительности будут служить справки уполномоченного органа.</p>	<p>6.3. Дүлей күш мән-жайларының болуының және оның ұзақтығының тиісті дәлелі уәкілетті органның анықтамасы болады.</p>

<p>6.4. Не уведомление или несвоевременное уведомление, а также не подтверждение факта наступления обстоятельств непреодолимой силы лишает Сторону права ссылаться на любое из вышеуказанных обстоятельств как на основание, освобождающее от ответственности за невыполнение обязательств.</p>	<p>6.4. Дүлей күш мән-жайларының басталу жайты туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау, сондай-ақ растамау Тарапты жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайларға міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіздеме ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.</p>
<p>6.5. Если обстоятельства непреодолимой силы будут иметь место более 30 (тридцати) календарных дней, то каждая Сторона имеет право отказаться от исполнения обязательств по настоящему Договору, и в этом случае ни одна из Сторон не имеет права требовать от другой стороны возмещения убытков, причиненных расторжением настоящего Договора.</p>	<p>6.5. Егер дүлей күш мән-жайлары 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам уақыт бойы орын алса, онда әр Тараптың осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындаудан бас тартуға құқығы болады, және бұл жағдайда бірде бір Тараптың басқа тараптан осы Шартты үзуден келтірілген залалдарды өтеуін талап етуге құқығы жоқ.</p>
<p align="center">7. Порядок разрешения споров</p>	<p align="center">7. Дауларды шешу тәртібі</p>
<p>7.1. Для разрешения споров по настоящему Договору Стороны предъявляют друг другу претензии по спорным вопросам.</p>	<p>7.1. Осы Шарт бойынша дауларды шешу үшін Тараптар даулы мәселелер бойынша бір-біріне кінәрат қояды.</p>
<p>7.2. Претензия должна содержать извещение о нарушении условий Договора, доказательства такого нарушения, а также требования, которые, по мнению Стороны, предъявляющей претензию, подлежат удовлетворению.</p>	<p>7.2. Кінәратта Шарттың талаптарын бұзуға жол берілгені туралы хабарлама, осындай бұзушылықтың дәлелдемелері, сондай-ақ кінәрат қойып отырған Тараптың пікірінше, қанағаттандыруға жататын талаптар қамтылуға тиіс.</p>
<p>7.3. Сторона, получившая претензию, в течение 30 (тридцати) дней со дня получения претензии, обязана мотивированным письмом сообщить другой Стороне результаты ее рассмотрения.</p>	<p>7.3. Кінәратты алған Тарап кінәратты алған күннен бастап 30 (отыз) күннің ішінде басқа Тарапқа оны қарастырудың нәтижелерін дәлелді хатпен хабарлауға міндетті.</p>
<p>7.4. Претензии предъявляются в письменной форме и подписываются уполномоченными лицами Заказчика либо Экспедитора.</p>	<p>7.4. Кінәраттар жазбаша пішімде беріледі және оларға Тапсырыскердің немесе Экспедитордың уәкілетті өкілдері қол қояды.</p>
<p>7.5. При невозможности разрешения указанных споров и разногласий между Сторонами в претензионном порядке, они подлежат рассмотрению в судебном порядке по месту нахождения Ответчика.</p>	<p>7.5. Тараптардың арасындағы аталған дауларды және келіспеушіліктерді кінәрат тәртібінде шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Жауапкердің орналасқан жері бойынша сот тәртібінде қаралуға тиіс.</p>
<p align="center">8. Действие Договора</p>	<p align="center">8. Шарттың күші</p>
<p>8.1. Настоящий Договор вступает в силу с _____ и действует до _____ года включительно. Обязательства Сторон в части взаиморасчетов по настоящему Договору прекращаются после полного проведения взаиморасчетов между Сторонами за Услуги, оказанные Экспедитором.</p>	<p>8.1. Осы Шарт _____ күшіне енеді және қоса алғанда _____ дейін әрекет етеді. Осы Шарт бойынша өзара есеп айырысу бөлігіндегі Тараптардың міндеттемелері Тараптар Экспедитордың көрсеткен Қызметтері үшін өзара есеп айырысуды толық жүргізгеннен кейін тоқтайды.</p>

<p>8.2. С _____ года утрачивают силу все предыдущие соглашения и договоры, ранее заключенные Сторонами по вопросам перегруза грузов в международном, транзитном и импортном сообщении, при этом Сторона, имеющая задолженность, должна возместить другой Стороне все причитающиеся платежи по предыдущим договорам и соглашениям</p>	<p>8.2. _____ бастап Тараптар халықаралық, транзиттік және импорттық қатынаста жүктерді қайта тиеу мәселелері бойынша бұрын жасасқан осының алдындағы барлық келісімдер мен шарттар күшін жояды, бұл орайда берешегі бар Тарап осының алдындағы шарттар мен келісімдер бойынша басқа Тарапқа тиесілі барлық төлемдерді өтеуге тиіс.</p>
<p>8.3. Изменения и дополнения условий настоящего Договора возможны только по взаимному соглашению Сторон. Все изменения и дополнения к настоящему Договору действительны лишь в том случае, если они совершены в письменном виде, подписаны уполномоченными лицами Сторон и скреплены печатями.</p>	<p>8.3. Осы Шартқа өзгертулер мен толықтырулар тек Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана енгізілуі мүмкін. Осы Шартқа барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалып, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және мөрлерімен бекіткен жағдайда ғана жарамды болады.</p>
<p>8.4. Настоящий Договор, может быть расторгнут досрочно по инициативе одной из Сторон, при этом Сторона, инициирующая расторжение Договора, обязана письменно известить о своем желании другую Сторону за 15 (пятнадцать) рабочих дней до предполагаемого дня расторжения, при этом Заказчик на дату расторжения Договора обязан оплатить за оказанные Услуги Экспедитору по истечении которых Договор считается расторгнутым.</p>	<p>8.4. Осы Шарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша үзілуі мүмкін, бұл орайда Шартты үзуге бастамашы болған Тарап үзудің болжамды күніне дейін 15 (он бес) жұмыс күні бұрын басқа Тарапқа өзінің ниеті туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті, бұл орайда Тапсырыскер Шарт үзілетін күні Экспедиторға оның көрсекен Қызметтеріне ақы төлеуге міндетті, ол өткеннен кейін Шарт үзілген деп саналады.</p>
<p>8.5. Если ни одна из Сторон за 30 (тридцать) календарных дней до истечения срока Договора не известит другую Сторону в письменной форме о расторжении Договора, срок его действия автоматически пролонгируется на следующий календарный год.</p>	<p>8.5. Егер бірде бір Тарап Шарттың мерзімі өткенге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын басқа Тарапқа Шартты үзетіні туралы жазбаша пішімде хабарламаса, оның әрекет мерзімі автоматты түрде келесі күнтізбелік жылға ұзартылады.</p>
<p>8.6. В случае изменения юридического (почтового) адреса или банковских реквизитов Сторона обязана уведомить другую Сторону в течение 5 (пяти) рабочих дней с момента изменения.</p>	<p>8.6. Заңды (пошталық) мекенжайы немесе банктік деректемелері өзгерген жағдайда, бұл Тарап өзгеріс болған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде басқа Тарапқа өзгеріс туралы хабарлауға міндетті.</p>
<p>8.7. Взаимоотношения Сторон, не урегулированные настоящим Договором, регламентируются законодательством Республики Казахстан.</p>	<p>8.7. Осы Шартпен реттелмеген Тараптардың өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.</p>
<p>8.8. Условия настоящего Договора являются конфиденциальными.</p>	<p>8.8. Осы Шарттың талаптары құпия болып табылады.</p>
<p>8.9. Настоящий Договор составлен в двух экземплярах на русском языке: по одному</p>	<p>8.9. Осы Шарт орыс тілінде екі данада жасалды: әр Тарапқа бірдей заңды күші бар бір-бір данадан беріледі.</p>

для каждой из Сторон, имеющих одинаковую юридическую силу.	
---	--